

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

2022 ж. 06 жүргізілді

220040046262



Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және
Жекешелендіру комитеті төрағасының
2022 жылғы «9» маусым
№ 313 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

**«ҰЛТТЫҚ БАЛАЛАРДЫ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қ., 2022 жыл

1. Жалпы ережелер

1. «Балаларды оңалтудың ұлттық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, құқықтық мәртебесін, оның органдарының құрылу тәртібі мен құзыретін, Қоғамның құқықтары мен міндеттерін, оның қызметін қайта ұйымдастыру мен тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелерді айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

1) қазақ тілінде: «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғам;

2) орыс тілінде: некоммерческое акционерное общество «Национальный центр детской реабилитации»;

3) ағылшын тілінде: «National Center for Children's Rehabilitation» non-profit Joint Stock Company.

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) қазақ тілінде - «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ;

2) орыс тілінде - НАО «Национальный центр детской реабилитации»;

3) ағылшын тілінде - «Tugar Healthcare» NPJSC.

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр- Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 36 (пошта индексі Z05G9F5).

2. Қоғамның заңды мәртебесі

5. Қоғам жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз үлесімен қатысатын «Балаларды оңалтудың ұлттық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қаңтардағы № 25 қаулысына сәйкес құрылды.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қоғамның құрылтайшысы болып табылады. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Жалғыз акционер) жүзеге асырады.

7. Қоғам негізгі мақсаты табыс табу болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық емес акционерлік қоғам болып табылады.

8. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан

Республикасының Заңын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны, Қоғамның ішкі құжаттарын, Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдерін басшылыққа алады.

Реттеу тәртібі осы Жарғыда, Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдерімен айқындалмаған мәселелер Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешілуге жатады.

9. Қоғамның мөрі, банктік шоттары, дербес балансы болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденіп, жүзеге асыра алады, міндеттер атқарады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

10. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркелген кезден бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

11. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады.

3. Қоғам мүлкі

12. Қоғамның мүлкі:

- 1) Жалғыз акционермен Қоғам акцияларын төлеуге берілген мүлік;
- 2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістер;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүліктің есебінен қалыптасады.

13. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

14. Қоғамның таза табысы (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін) Қоғамның иелігінде қалады және Қоғамның дамуына жұмсалады.

4. Қоғамның мақсаттары, мәні және қызмет түрлері

15. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты қалпына келтіре емдеуді одан әрі дамытуды, жетілдіруді, жүйке, тірек- қимыл жүйелерінің патологиясы бар балалар мен жасөспірімдерді медициналық жағынан оңалтуды қамтамасыз ету жолымен Қазақстан Республикасындағы балалар мүгедектігін азайту, сондай- ақ медициналық ғылым, білім және практика саласында заманауи технологияларды енгізу, тарату болып табылады.

16. Қоғам қызметінің негізгі мәні жүйке және тірек- қимыл жүйесінің түрлі аурулары бар балаларға, жасөспірімдерге және ересек тұрғындарға мамандандырылған қалпына келтіру емін және медициналық жағынан оңалту қызметтерін көрсету болып саналады.

17. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

1) МӘМС шеңберінде Қазақстан Республикасының халқына мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету;

2) консультативтік- диагностикалық, стационарлық, стационарды алмастыратын көмек, қалпына келтіру емі, медициналық жағынан оңалту;

3) жүйке және тірек- қимыл жүйелерінің түрлі аурулары бар балалар мен жасөспірімдерге медициналық (дәрі- дәрмек терапиясы, эрготерапия, физиотерапия, гидрокинезиотерапия, роботтандырылған механотерапия, рефлексотерапия, сурдология, кохлеарлы имплантты икемдеу енетін физикалық түрдегі медициналық жағынан оңалту), әлеуметтік (ортездеу, аяқ- киімге бейімдеу, автодром мен еңбек шеберхана әдістемелерін қолдану арқылы қоғамда толыққанды өмірге баланы әлеуметтік- тұрмыстық жағынан бейімдеуді жүзеге асыру), психологиялық- педагогикалық (логопедия, дефектология, монтессори педагогикасы, сенсор бөлмелерін қолдану, сурдопедагогика, музыкотерапия, ойын терапиясы) көмектері енетін кешенді оңалту, емдік, стационарлық, консультативтік- диагностикалық көмек көрсету, оңтайлы диеталық тамақтандыруды, жалпы, қосымша, түзету бағдарламалары бойынша балаларды оқытуды, инклюзивті білімді және параолимпиадалық ойындарға қатыстыруды қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының тұрғындарына және басқа елдердің азаматтарына, сондай- ақ заңды тұлғаларға ақылы негізде кешенді оңалту (стационарда, үйде, күндізгі стационар типінде), консультативтік- диагностикалық көмек көрсету;

5) МӘМС-ті өтемейтін ақылы медициналық қызметтер көрсету, оның ішінде балаларға күтім жасайтын тұлғаларға терапиялық емдеу;

6) докторантура (PhD), резидентура, магистратура арқылы кадрлар даярлау, сондай- ақ бейіндері бойынша медициналық және медициналық- әлеуметтік мекемелер мамандарының біліктіліктерін көтеру және қайта даярлау;

7) Қоғам қызметінің бейіні бойынша ғылыми – зерттеу, ғылыми- техникалық және ғылыми- әдістемелік жұмыстарды жүргізу, жүйке және тірек- қимыл жүйелерінің түрлі аурулары бар балалар мен жасөспірімдерді қалпына келтіру мен медициналық оңалтуды жетілдіруге бағытталған ғылыми инновациялық технологияларды енгізу;

8) бала жасындағы аурулардың алдын алу және оңалту технологияларын (әдістерін) әзірлеу және қолданыстағыларын жетілдіруге қатысу;

9) қоғам қызметінің бейіні бойынша оңалту және қалпына келтіру емі саласындағы ғылыми және әдістемелік әдебиетті (ғылыми еңбектер жинақтарын, ғылыми журналдарды, монографияларды, әдістемелік және нұсқаулық құжаттарды, оқу және санитариялық-ағарту әдебиеттерін) әзірлеу және басып шығару;

10) холдингтің компаниялардың қызметі болып табылады.

18. Егер жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін уәкілетті органдардың, арнайы рұқсаты (лицензиясы) қажет болған жағдайда, Қоғам осындай қызмет түрлерін тиісті рұқсатты (лицензияны) белгіленген тәртіппен алғаннан соң ғана жүзеге асырады.

5. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

19. Қоғам:

1) акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие болуға және оның міндеттемелері бойынша жауап бермеуге міндетті. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады;

2) зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтардың иесі болуға, сондай-ақ лицензиялық шарттар (келісімдер) негізінде зияткерлік меншік объектілерін пайдалануға;

3) өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді иеленуге, сотта талапкер немесе жауапкер болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар мен өкілдіктер құруға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

6) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы ұйымдарында ұлттық валютада, сол сияқты шетел валютасында шоттар ашуға, сондай-ақ иелігіндегі уақытша бос ақшаны қаржы құралдарына орналастыруға;

7) ішкі нормативтік құжаттаманы әзірлеуге және бекітуге құқығы бар.

20. Қоғам:

1) жыл сайынғы тәуелсіз аудит жүргізуді қамтамасыз етуге

2) азаматтар мен денсаулық сақтау ұйымдарының қоғамдағы медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша шағымдары мен өтініштерін қарауға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

6. Қоғамның акциялары

21. Қоғам жай акциялар бойынша дивидендтер есептемейді және төлемейді.

22. Қоғам өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында кірістері Қоғамды дамытуға пайдаланылатын жай акцияларды ғана шығаруға құқылы.

23. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Жай акцияларды шығарудың шарттары мен тәртібі акцияларды шығару проспектісінде белгіленеді.

24. Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығын береді.

7. Қоғам органдары

25. Қоғам органдары:

- 1) жоғары орган - Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган - Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржылық- шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

8. Жалғыз акционер

26. Қазақстан Республикасының заңдарымен және/немесе осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке өзі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің келісімі бойынша қабылданатын мәселелердің шешімдерін қоспағанда, осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар Жалғыз акционердің лауазымды адамы қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

27. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару жөніндегі шығыстарды Қоғам көтереді.

28. Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін мәселелер жөніндегі материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажет көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс.

29. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуға тиіс:

- 1) Тегі, аты, сондай - ақ қалауы бойынша-әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) соңғы 3 (үш) жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
- 4) Қоғамға аффилиирленгендігі туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

30. Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесін сайлау туралы (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) мәселе енгізілген жағдайда материалдарда Директорлар кеңесінің мүшесіне ұсынылатын кандидат Жалғыз акционердің өкілі саналу/ саналмауы және (не) ол Қоғамның тәуелсіз директорының лауазымына кандидат саналу/ саналмауы көрсетілуі тиіс.

31. Басқарма Жалғыз акционер шешімдерінің көшірмелерін сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.

32. Жалғыз акционердің:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционер айқындаған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

3) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға қорытынды (ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) қайтаруы туралы талаппен өз атынан жүгінуге құқылы жасалуына қатысты ерекше шарттар белгіленген мәмілелерді жасасуға;

5) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;

6) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және сұрау салуда белгіленген мерзімдерде, бірақ Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап отыз күннен кешіктірмей дәлелді жауаптар алуға;

7) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

8) аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін өз есебінен жүргізуін талап етуге;

9) Қоғам таратылған кезде мүлікке;

10) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына енгізілетін мәселелер тізбесіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

11) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге де органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға;

12) егер аталған шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғам Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылданған Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сотта даулауға құқығы бар.

Осы тармақта көзделген Жалғыз акционердің құқықтары толық қамтылған болып табылмайды. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарды пайдалана алады.

33. Жалғыз акционер:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) 10 (он) күн ішінде Қоғамның тіркеушісіне және Жалғыз акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға міндетті;
- 3) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге; ;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

34. Қоғам мен Қоғамның тіркеушісі Қоғамның Жалғыз акционерінің осы Жарғының 33-тармағы 2) тармақшасымен белгіленген талабын орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.

35. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) жарияланған акциялар санын ұлғайту туралы шешім қабылдау;
- 5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 6) Қоғамның Басқарма төрағасын сайлау, өкілеттік мерзімін белгілеу, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
- 8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- 9) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 10) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту;
- 11) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның өзге де заңды активтерді құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 12) Қоғам акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 13) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы

немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызы;

14) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою;

15) шешімдер қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

9. Қоғамның Директорлар кеңесі

36. Қоғамның Директорлар кеңесі - Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның органы.

37. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақылар төленеді және олардың Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты шығыстар өтеледі. Мұндай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

38. Қоғамның Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

39. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) осы Заңның 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

6) Директорлар кеңесі комитеттерін құру және олардың сандық құрамын айқындау, комитеттердің өкілеттік мерзімін айқындау, комитеттердің төрағасы мен мүшелерін сайлау, олар туралы Ережелерді бекіту;

7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау;

8) басқарманың сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау және ол туралы ережені бекіту, басқарма төрағасын қоспағанда, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелеріне лауазымдық айлықақылар мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;

10) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

11) Комплаенс қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттіктерін тағайындау, сондай-ақ мерзімінен бұрын тоқтату, комплаенс қызметінің жұмыс тәртібін, Комплаенс қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

12) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

13) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғам акцияларын төлеуге берілген мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

16) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

17) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы қоғамға тиесілі Жалғыз акционердің құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

18) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

19) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

20) ірі мәмілелерді және жасалуы туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген, Қоғамның Жалғыз акционерінің ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер жатады.

40. Директорлар кеңесінің Қоғамның Жарғысына сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

41. Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғам Басқармасынан және Қоғамның Ішкі аудит қызметінен/Аудиторынан ақпаратты, түсіндірмелер мен түсініктемелерді толық көлемде және уақтылы алуға құқығы бар.

42. Жалғыз акционерге ұсынылатын Қоғамның қызметі туралы жылдық есептің құрамында Директорлар кеңесі өткен жылы атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

10. Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау

43. Қоғамның Директорлар кеңесі жалғыз акционер сайлайтын төрағадан және мүшелерден тұрады.

44. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің:

1) Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсынылған) тұлғалардың;

2) қоғамның акционері болып табылмайтын және Жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) Жеке тұлғаларға қолданылмайды.

45. Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

46. Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

47. Директорлар кеңесіне кандидаттар және директорлар кеңесінің жұмыс істеп жүрген мүшелері өз міндеттерін орындау және Қоғамның Жалғыз акционері мен қоғамның мүддесі үшін қоғамның бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесіне, біліміне, біліктілігіне, оң жетістіктеріне және іскерлік және салалық ортадағы мінсіз беделіне ие болуға тиіс.

48. Тұлға қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар Кеңесінің Төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшысының орынбасары (Басқарма төрағасының орынбасары), бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе

белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

49. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адамды құрауға тиіс. Кемінде 30 (отыз) пайызы Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері болуға тиіс. Директорлар кеңесінің мүшесі, егер ол:

1) қоғамның лауазымды тұлғаларына бағыныстылықпен байланысты болмаса және директорлар Кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты болмаса;

2) қоғамның аудитору болып табылмайды және директорлар Кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде болған жоқ;

3) аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қоғам аудитіне қатыспаса және директорлар Кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаса тоқтатылуға тиіс;

4) мемлекеттік қызметші болып табылмайды.

50. Директорлар Кеңесінің барлық мүшелері өздерінің кәсіби білімдері мен іскерліктерін ұдайы жетілдіріп отыруы тиіс.

11. Қоғам Басқармасы

51. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты алқалы атқарушы орган-Қоғам Басқармасының төрағасы басқаратын Басқарма жүзеге асырады, ол Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

52. Басқарма Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

53. Басқарма төрағасын қоспағанда, Қоғам Басқармасының мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

54. Қоғам қызметкерлері Қоғам Басқармасының мүшелері бола алады.

55. Қоғам Басқармасының мүшелері өз құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін орындау кезінде адал әрекет етуге және Қоғам мен Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді пайдалануға тиіс.

56. Қоғам Басқармасының мүшелері:

1) Қоғам Басқармасының құрамында әрекет ете отырып, Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасау жөніндегі мәселелерді шешуге;

2) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты толық көлемде алуға, Қоғамның құрылтай, нормативтік, есептік, қаржылық, шарттық және басқа да құжаттарымен және материалдарымен, оның ішінде Қоғам Басқармасының құзыретіне жататын мәселелерді шешу үшін қажетті аудиторлық

қорытындылармен танысуға, Қоғам Басқармасы отырыстарының хаттамаларының және құжаттарының көшірмелерін алуға;

3) Қоғам Басқармасының жұмыс жоспарына және Қоғам Басқармасы отырысының күн тәртібіне ұсыныстар, сондай-ақ Қоғам Басқармасының жоспардан тыс отырысын шақыру туралы ұсыныстар енгізуге;

4) Қоғам Басқармасының шешімдерімен өзінің келіспеушілігін жазбаша түрде білдіруге және оны Қоғамның Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен және Қоғамның Басқармасы туралы ережемен берілген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

57. Қоғам Басқармасының мүшелері:

1) Қоғам Басқармасының отырыстарына қатысуға;

2) Қоғамның Жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының шешімдері мен тапсырмаларын орындауға, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;

3) Қоғам мүддесі үшін әрекет етуге, Қоғамға қатысты өз құқықтарын жүзеге асыруға және міндеттерін адал және парасатты атқаруға;

4) Қоғам туралы коммерциялық және өзге де құпия ақпаратты жария етпеуге;

5) өзінің мансабы мен Қоғамның қызметі туралы алынған ақпаратты жеке мүддесінде пайдаланбауға, өзінің мансабы мен қолдағы бар ақпаратты басқа тұлғалардың Қоғамның мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, пайдалануына жол бермеуге міндетті.

58. Қоғам Басқармасы мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қоғам Басқармасы туралы ережемен, сондай-ақ Қоғаммен жасалатын еңбек шарттарымен айқындалады. Басқарма төрағасымен Қоғам атынан жасалынатын еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды. Қоғам Басқармасының қалған мүшелерімен жасалынатын еңбек шарттарына Қоғам Басқармасының төрағасы қол қояды.

12. Қоғам Басқармасының құзыреті

59. Қоғам Басқармасы:

1) Қоғамның тиісті даму жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесінің қарауына енгізеді;

2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеуді қамтамасыз етеді;

3) Қоғамда ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлейді және оларды азайту жөнінде тиісті шаралар қабылдайды, сондай-ақ

Қоғамның нормативтік құжаттарына сәйкес тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерді уақтылы дайындауды қамтамасыз етеді;

4) Қоғамның даму жоспарын, Қоғам қызметі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне жыл сайынғы есепті ұсынады;

5) Жалғыз акционерге Қоғамның қаржылық- шаруашылық қызметіне жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы ақпарат беру;

6) белгіленген тәртіппен корпоративтік жанжалдарды реттеуді жүзеге асыру;

7) қызметтік іссапарларға жіберілетін Қоғам қызметкерлерінің шығыстарын өтеудің тәртібі мен шарттарын айқындайды;

8) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы Қоғамның Директорлар кеңесін уақтылы хабардар етеді;

9) Директорлар кеңесі бекітетін жіктегішке сәйкес Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген Қоғамның ішкі құжаттарын бекітеді;

10) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Орталық аппарат және оның филиалдары және/немесе өкілдіктері қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының, ұйымдық құрылымы мен штаттық санының схемаларын ескере отырып, Орталық аппараттың және филиалдардың және/немесе өкілдіктердің штаттық кестесін бекітеді;

11) Қоғамның даму жоспары шеңберінде Қоғамның нақтыланған бюджетін бекітеді;

12) Қоғам даму жоспарын іске асыруды ұйымдастырады, сондай-ақ олардың орындалуына жауапты болады;

13) Қоғамның қаржылық жағдайының жай-күйіне бақылауды жүзеге асырады;

14) әрбір тексеру нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебін талдайды және анықталған кемшіліктерді жою бойынша тиісті шаралар қабылдау жөнінде Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыныстар береді;

15) Қоғам туралы ақпараттың сақталуын және ішкі (жарияланбаған) ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етеді;

16) Қоғамның Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционерінің қарауына мәселелерді алдын ала қарайды және шығаруды қамтамасыз етеді;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

60. Басқарма Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне оларға жүктелген функцияларды орындау кезінде Қоғамның қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ қажетті түсіндірулер мен ережелерді сұрау салуды алған сәттен бастап 10 (он) күннен кешіктірмейтін мерзімде уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

61. Басқарма Қоғамның Директорлар кеңесін Қоғам бюджеті шеңберінде өз функцияларын толыққанды орындау үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге жауапты болады.

13. Қоғам Басқармасы төрағасының өкілеттігі

62. Қоғам Басқармасының жұмысына тікелей басшылықты Қоғам Басқармасының төрағасы жүзеге асырады .

Қоғам Басқармасының төрағасында атқарушы орган басшысының не атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның, басқа заңды тұлғаның қызметін атқару құқығы жоқ.

63. Өз құзыреті шегінде Қоғам Басқармасының төрағасы:

1) Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді, шарттар жасасады;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

4) Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды, алмастыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда);

5) Қоғам қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

6) Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғам Басқармасының, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді, Комплаенс қызметінің және Қоғамның Корпоративтік хатшысын қоспағанда, Қоғамның еңбекақы төлеу шегінде Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

8) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Қоғам Басқармасы мүшелерінің біріне жүктейді;

9) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі;

10) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

11) Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді;

12) Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасымен өзінің шетелдік іссапарларын келіседі;

13) жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ұсынымдарының, сондай-ақ Қоғамның Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуын қамтамасыз етеді;

14) Қоғамның меншігіне қатысты заңсыз әрекеттерді тудыратын себептер мен жағдайларды анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

15) корпоративтік жанжалдарды реттеу жөніндегі жұмысқа қатысады және Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен корпоративтік жанжалдарды реттеуді жүзеге асырады;

16) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйыммен шарт жасайды;

17) Басқарма хатшысының функцияларын Қоғам қызметкерлерінің біріне жүктейді;

18) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды, оларды қызметтен босатады;

19) Директорлар кеңесі бекітетін жіктеуішке сәйкес Қоғамның ішкі құжаттарын бекітеді;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

64. Қоғам Басқармасы төрағасының шешімдерді қабылдауы бұйрықтар мен өкімдер шығару жолымен жүзеге асырылады.

65. Қоғам Басқармасының төрағасы, ол Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін сыйақы алмайды.

14. Қоғамның Ішкі аудит қызметі

66. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалау, корпоративтік басқару және консультация беру саласындағы құжаттарды орындау үшін Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында Қоғамда Ішкі аудит қызметі құрылады. Қоғамның ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

67. Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен Қоғамның Ішкі аудит қызметі:

1) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат береді;

2) жүйеленген және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалауды жүргізеді, кеңес береді және жетілдіруге ықпал етеді;

3) Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес оның құзыретіне кіретін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

68. Қоғамның Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді. Ішкі аудит қызметіне жетекшілік етуді Қоғамның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі, сондай-ақ оның жұмыс тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады.

69. Қоғам мен Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Директорлар кеңесінің тиісті шешімі негізінде Қоғам Басқармасының төрағасы мен Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері арасында жасалатын еңбек шарттарымен реттеледі.

70. Ішкі аудит қызметі басшысының басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында жұмысты орындауына және лауазымды атқаруына Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жол беріледі.

15. Корпоративтік хатшы

71. Корпоративтік хатшы – Қоғамның Директорлар кеңесінің не Қоғам Басқармасының мүшесі болып табылмайтын Қоғамның қызметкері Қоғамның Директорлар кеңесімен сайланады және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді.

72. Корпоративтік хатшыға Қоғамның органдары мен лауазымды адамдарының Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді сақтауын, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік басқару саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының ережелері мен нормаларын, осы Жарғының ережелерін және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын сақтауын қамтамасыз ету жүктеледі.

73. Корпоративтік хатшы сондай-ақ Қоғам органдары арасында тиімді ақпарат алмасуға ықпал етеді. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының дайындалуы мен өткізілуіне бақылауды, Қоғамның Директорлар кеңесі отырысына материалдардың қалыптастырылуын қамтамасыз етуді, оларға қол жеткізудің қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізуді жүзеге асырады.

74. Корпоративтік хатшы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді.

75. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі Қоғамның Директорлар кеңесі белгіленген тәртіппен бекітетін Корпоративтік хатшы туралы ережеде және Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалады.

76. Қоғам мен Корпоративтік хатшы арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Басқарма төрағасы мен Корпоративтік хатшы арасында жасалатын еңбек шартымен реттеледі.

16. Комплаенс қызметі

77. Қоғамда негізгі міндеті тиісті ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі функциясын атқаратын құрылымдық бөлімше айқындалады.

78. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттігін Қоғамның лауазымды тұлғаларынан тәуелсіз жүзеге асырады, Директорлар кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы комплаенс-қызметінің құзыреті, қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібі Қоғамның ішкі актісімен айқындалады.

17. Есепке алу және есептілік

79. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында белгіленген тәртіппен Қоғамның меншікті қаражаты мен активтері бойынша бөлек жүзеге асырылады.

80. Қоғам бухгалтерлік есепте және есептілікті жасау кезінде пайдаланылатын құжаттардың есепке алынуы мен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Сақтауға жататын негізгі құжаттардың тізбесі және оларды сақтау мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

81. Басқарма жыл сайын белгіленген тәртіппен Жалғыз акционерге талқылау және бекіту үшін, аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті ұсынады.

82. Қоғам Басқармасы қаржылық есептіліктен басқа, аудитордың ұсынымдарын (басшылыққа хатты) қоса алғанда, Жалғыз акционерге аудиторлық есеп береді.

18. Қоғамның аудиті

83. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйінің дұрыстығын тексеру және растау үшін қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізеді.

84. Қоғамның жыл сайынғы аудиті ол аяқталғаннан кейінгі қаржы жылының қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.

85. Қоғамның аудиті Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша Қоғам есебінен не Қоғамның Жалғыз акционерінің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте Қоғамның Жалғыз акционері аудиторлық ұйымды дербес айқындауға құқылы. Қоғамның Жалғыз акционерінің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Басқарма ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы үшін жауапты болады.

86. Егер Қоғам Басқармасы Қоғам аудитін жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

Қоғам жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша

қаражатының қозғалысы туралы есепті және пайда мен залал туралы есепті белгіленген мерзімде жариялауға міндетті. Қоғам жылдық қаржылық есептілікпен бірге аудиторлық есепті де жариялауға міндетті.

19. Қоғамның ақпаратты жария етуі

87. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің назарына оның жазбаша сұрау салуы бойынша Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын кез келген ақпаратты жеткізеді. Жалғыз акционердің өтініші журналда не Қоғамның кіріс/шығыс құжаттарын есепке алудың тиісті жүйесінде тіркелуі тиіс.

88. Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын Қоғамның қызметі және оның тізбесі туралы ақпарат беру «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 79-бабына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Акционерлерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Қоғамның корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыруын) алған күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

89. Қоғамның ақпаратты жария етуі оны Қоғамның веб-сайтында (оның ішінде республикалық баспа басылымдарын пайдалана отырып) және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және аудиторлық есептер туралы ақпарат, сондай-ақ жыл қорытындылары бойынша атқарушы орган мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпарат уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастырылады.

90. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді. Жалғыз акционердің өзіне Жарғының осы бабында көрсетілген ақпаратты немесе құжаттардың көшірмелерін беру туралы сұрау салуы бойынша Қоғам сұрау салуды алған кезден бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде сұрау салынған ақпаратты белгіленген тәртіппен жібереді.

91. Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттарын Қоғам қызметінің бүкіл мерзімі ішінде Қоғам Басқармасы орналасқан жерде сақтауға тиіс.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттар сақталуға жатады.

Өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

20. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

92. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

93. Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.


21. Қорытынды ережелер

94. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайларда Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

95. Қоғамның Жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажеттігіне әкеп соғатын Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген жағдайда, заңнамаға тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгенге дейін заңнама нормалары қолданылады.

96. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Мемлекеттік мүлік
және жекешелендіру комитетінің
төрағасы**



Б. Тәшенов



приказом **Ибрагимов** Комитета
государственного имущества и приватизации
Министерства финансов Республики Казахстан
от 9 июня 2022 года № 315

**УСТАВ
НЕКОММЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ДЕТСКОЙ РЕАБИЛИТАЦИИ»**

г. Нур-Султан, 2022 год

1. Общие положения

1. Настоящий Устав некоммерческого акционерного общества «Национальный центр детской реабилитации» (далее – Общество) определяет его наименование, местонахождение, правовой статус, порядок формирования и компетенцию его органов, права и обязанности Общества, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Полное наименование Общества:

1) на государственном языке: «Ұлттық балаларды оналту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) на русском языке: некоммерческое акционерное общество «Национальный центр детской реабилитации».

3) на английском языке «National Center for Children's Rehabilitation» non-profit Joint Stock Company.

3. Сокращенное наименование Общества:

1) на казахском языке - «Ұлттық балаларды оналту орталығы» КеАК;

2) на русском языке - НАО «Национальный центр детской реабилитации»;

3) на английском языке - «National Center for Children's Rehabilitation» NPJSC.

4. Местонахождение исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, 010000, город Нур-Султан, район Есиль, проспект Туран 36 (почтовый индекс Z05G9F5).

2. Юридический статус Общества

5. Общество создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 января 2022 года № 25 «О вопросах создания некоммерческого акционерного общества «Национальный центр детской реабилитации» со стопроцентным участием государства в его уставном капитале.

6. Учредителем Общества является Правительство Республики Казахстан в лице Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан. Права владения и пользования государственным пакетом акций Общества осуществляет Министерство здравоохранения Республики Казахстан.

7. Общество является некоммерческим акционерным обществом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, не имеющим в качестве основной цели извлечение дохода.

8. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Кодексом Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах», Законом Республики Казахстан «О государственном имуществе», Законом Республики Казахстан «О некоммерческих организациях», Законом Республики Казахстан «Об обязательном социальном медицинском страховании», а также иными

